

Т.Омарбеков
т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР,
Алматы қ-сы
e-mail: talas_1948
Г.Б. Хабижанова
т.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, ҚР,
Алматы қ-сы
e-mail: gulnara02011966@mail.ru

Қоңыраттардың ортағасырлардағы тарихи тамырлары

Мақалада ортағасырларда ежелгі Монғол үстіртін мекендеген көне түрік тайпаларының бірі Қоңыраттардың(Олқуноуттардың) тарихы мен шежіресі ғылыми тұрғыдан талданған. Авторлар ежелгі тарихи деректерді көне шежірелік деректермен салыстыра талдай отырып, олардың арасындағы логикалық байланыстарды алғаш рет анықтайды. Сонымен қатар, осындай жолмен ежелгіҚыяттардан бастау алатын ортағасырлардағы Қоңыраттардың кейініректе Шыңғысхан тараған Қиян руымен туыстық байланыстары да айқындалған. Бұл әлі де түркітілдес тайпалармен монғол тілдес тайпалармен іргесін бөлектей қоймаған кезі болатын. Авторлар нақты деректерді зерттеу негізінде Қоңыраттардың Шыңғысхан заманынан бұрын Орталық Азияда Қидандар үстемдік еткен кезде, яғни X-XI ғғ. тарих сахнасына шыққан ежелгі түркі тайпасы болып табылатынын дәлелдеген. Зерттеу барысында Қоңыраттардың ғана емес, олардан тараған Қоралас руының да, кейіннен түркі тілдес тайпалар қатарын толықтырғаны байқалады. Авторлар Қоңыраттардың кезінде, Орталық Азиядағы Ақтатарлар қауымдастығында болып, монғол жаулауына байланысты батысқа қоныс аударғанын нақты деректермен дәлелдеген. Мақаланың құндылығы сол, ол қазіргі қазақ түркілерінің ғана емес, бүкіл түркі халқының қалыптасу тарихындағы күрделі мәселелердің шешімін табуға тырысады. Онда көтерілген пікірлер мен ойлар зерттеушілерде жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға, осы бағытта зерттеулер жүргізуге бағыттайды.

Т.Омарбеков
д.и.н., профессор, зав.кафедрой истории Казахстана
Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, РК, г.Алматы
e-mail: talas_1948

Г.Б. Хабижанова
д.и.н., доцент, профессор кафедры истории Казахстана
Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, РК, г.Алматы
e-mail: gulnara02011966@mail.ru

Исторические истоки средневековых конратов

В статье анализируется с научной позиции история и генеалогия конратов (олхонутов), одного из древних тюркских племен, населявших в средние века монгольское плато. Автор путем сравнительного анализа сопоставляя древние исторические источники с генеалогией, впервые определяет их логическую взаимосвязь. Вместе с тем, таким образом, определяется генетическая взаимосвязь средневековых конратов, происходящих от древнего рода Кият, с родом Киян, от которого позднее берет свое начало род Чингисхана. Это был период, когда еще не определились основания для выделения тюркоязычных и монголоязычных племен. На основе изучения источников авторы доказывают, что конраты появляются на исторической арене как тюркское племя еще в период, предшествующий появлению Чингисхана, т.е. во время господства в Центральной Азии киданей, в X-XI вв. В ходе исследования отмечается, что не только конраты, но и произошедший от них род коралас дополнили позднее ряд тюркоязычных племен. Авторы на основании источников доказывают, что конраты, которые в свое время находились в составе союза белых татаров в Центральной Азии, в связи с монгольским завоеванием переселяются на запад. Ценность статьи в том, что она пытается найти решение сложных проблем истории становления не только казахских племен тюркского периода, но и всех тюркских народов.

Высказываемые в статье мнения побуждают исследователей к самостоятельному мышлению и проведению изучения в этом направлении.

T.Omarbekov
d.h.sc, Kazakhstan history department professor
Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty
e-mail: talas_1948

G.B. Habizhanova
d.h.sc, Kazakhstan history department professor
Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty
e-mail: gulnara02011966@mail.ru

The historical origins of medieval Konrats

The history and genealogy of Konrats (Olkhonud), one of the ancient Turkic tribe that inhabited medieval Mongolian plateau, is analyzed in the article from the scientific point of view. The authors comparing the ancient historical sources with the genealogy through a comparative analysis, first time determine their logical relationship. At the same time, genetic relationship of medieval Konrats derived from an ancient Kiyat kin with the Kiyat kin, from which Genghis Khan kin later originates are determined. That was the period when basis for the allocation of Turkic-speaking and Mongolian tribes was still undecided.

Based on the study of the sources the authors argue that Konrats appear on the historical scene as a Turkic tribe in the period preceding the appearance of Genghis Khan, i.e during the reign of the Khitan in Central Asia, in the X-XI centuries. During the research it is noted that Korlas kin descended from Konrats joined the ranks of the Turkic-speaking tribes later as well as Konrats themselves. Authors prove that Konrats, who were part of the white Tatars union in Central Asia in connection with the Mongol conquest move to the West on the basis of sources. The authors try to find the solutions to difficult problems of Turkic tribes period formation, important for the study of ethnogenesis of the Kazakh, as well as other Turkic people. The Opinions expressed in the article encourage researchers to explore new scientific hypotheses and independent thinking.

Keywords: Turkic tribes, the Konrats, Central Asia, the Khitans, the Kiyat.

Қоңыраттардың ортағасырлардағы тарихи тамырлары

Қазақ шежірешілері Қоңыраттарды Монғолдың Қият тайпасынан шығарады. Шежіреші Зайыр Сәдібекұлы мұны былай түсіндіреді: «Қияттың Жорлықмерген деген батырының Қоңырат деген баласы өскенде еліне билік құрады. Кейін ел соның атымен Қоңырат атанып кетеді. Олар монғол жеріндегі Құласар деген өзен бойын мекендейді»[1, 68 б.]. Мұндағы қателік – шежірешілер Қиятты Қиянмен шатастырған. Бұл туралы біз алда арнайы айтамыз.

Әбілғазының «Түрік шежіресінің» «Поколение конкиратов» деп аталатын бөлімшесінен осы айтылғандарды дәлелдей түсетін мынадай жолдарды оқимыз: «у одного человека из поколения Кыян было три сына. Старший сын назывался Чурлык-Меркан... У Чурлык-Меркана был сын по имени Конкират: от его рода произошло все поколение конкиратов» [2, 38 б.]. Көріп отырмыз, бұл жерде «монғол» деген сөз мүлде жоқ. Өйткені Қиян этнонимі жарыққа шыққан YI-YII ғасырларда «монғол» деген атау әлі өмірге келген жоқ еді. Ал Қоңырат(бәлкім Қоңыра, немесе Тоңыра) деген тарихи тұлғаның YI-YII ғасырларда өмір сүруі әбден мүмкін.

Қазақ шежіресіне назар аударар болсақ, Қоңыраттың шежіресі Сеңке биден басталады. ХІҮ ғасырдың шағатай тіліндегі дерегінде бұл кісі Конграт би углы Сенгелай деп көрсетілген [3, 268-270 б.]. Бұған қарағанда Сеңке немесе Сеңгелай Қоңырат деген кісінің ұлы болып шығады. Яғни деректер бойынша: Ел хан одан Қиян. Қиянның үш ұлы болды. Олар Жорлық мерген, Құбай шыра, Тұсбұдай. Алғашқы Жорлық мергеннен Қоңырат-Сеңке-Нағанай болып таратылса, ал Құбай шырадан екі ұл – Енграс, Олхонот(Олқұноут) өсіп-өнген. Қиянның үшінші ұлы Тасбұдайдан да екі ұл тараған. Олар – Қаранут және Құнұқлұт. Алғашқысынан тарағандар ХІІІ ғасырда тайпаға айналса, ал кейінгісінен Мисар туып, оның екі баласы Қоралас пен Елшыған ХІІІ ғасырда екі рулы елге айналды [3, 38-39 бб.].

Ал енді жоғарыда аталған Қоңыраттан туған Сеңке би болса, Шыңғыс ханды хан көтерген 15 бидің бірі болып табылады. Билердің бұл тізімін Буданджарұлы(Бұртанханұлы) Қият бастайды да ал Сенгелай(Сеңке) би Гираят(Керейт) биден соң алтыншы болып аталады. Ия, деректе алғашқы болып Қият би(Қиян емес) аталады. Демек Қият пен Қиян екі түрлі адам. Өйткені Сеңке би Қияннан тараса, ал Қият би Буданджардан(Бұртанханнан) тарайды. Олар Шыңғысханды хан көтеру рәсіміне екі түрлі ру-тайпаның атынан қатысқан. Тарихи деректерге қарағанда бұл хан көтеру рәсімін Үйсін Майқы би басқарған. Ол шынында да тізімде бар. Бірақ ол Қоңырат бидің ұлы Сеңгелайдан(Сеңкеден) кейін жетінші болып тұр [4, 34-35 бб.]. Бұл жерде тағы бір айта кетер мәселе, Буданджарұлы(Бұртанханұлы) Қият Шыңғысханның өзінің руынан болғандықтан да тізімде алғашқы болып көрсетілген. Яғни аталған деректе билер Шыңғыс билеген қоғамдағы өздерінің әлеуметтік-саяси жағдайларына қарай орналасқан. Майқы би билердің ішіндегі аса беделдісі бола тұрса да Шыңғыс әулетімен құдандалы байланыста болып келген сеңке биден жоғары орналаса алмағаны соны байқатады. Үйсіндерді билеген Майқы биге қарағанда әрқашан Шыңғысханға жақын жүрген Сеңке би басқарған Қоңыраттар қазіргі қазақ даласына алыстағы Үлкен Хинган таулы жоталарының батыс беткейлерінен ұлы қағанның жорықтарын қолдап қоныс аударып, Сырдария өзені бойына келіп қоныстанды, және Шыңғысхан балаларына үлес бөлген кезде Шағатайдың қарауында қалды. Айта кетер бір мәселе, аталмыш дерек қазақ шежіресімен де ұштасып жатыр. Қазақ шежіресі бойынша Қоңырат біз әңгімелеп отырған Сеңке биден тарайды. Бізге жеткен аңыз дерек бойынша жоғарыдағы хан көтеру рәсімі кезінде Шыңғысхан Сеңке биге қарап, «Әй, Сеңке, сенің ұраның – Қоңырат, құсың сұңқар, ағашың алма, таңбаң босаға «П» болсын депті. Шежіре бойынша осы Сеңке биден – Нағанай батыр туады. Нағанайдан 30 ұл туса да олардың Орынбектен басқаларынан ұрпақ өнбеген. Тегінде қалғандарынан өнген ұрпақтар шежіресі ұмытылған болуы да мүмкін. Орынбектен Мелде би мен Жылғалы тарайды. Жылғалы Жиделі Байсында тұрғанда қайтыс болып кетеді де одан туған Құлшығаш және Қаракөсе атты екі ұлды олардың аналары Жезбикені әменгерлікке алған Мелде би тәрбиелеп өсіреді. Айта кетер бір нәрсе, бүкіл Қоңырат руын тарататын қазақ шежіресі осы Мелде бидің екі әйелінен тарайтын

ұрпақтардан құралған. Яғни Мелде бидің алғашқы әйелі Орынбиден Құдайберді(лақап аты - Көтенші) таратылса, ал оның екінші әйелі Жезбикеден Тәңірберді(лақап аты – «Көктің ұлы») туады» [1, 102 б.]. Ауызша тарихи баяндауға негізделген бұл шежірені толық және жүйелі деп айта алмаймыз. Тегінде ерте ортағасырларда өмір сүрген Қоңыра(Тоңыра)деген тарихи тұлғамен Шыңғысханмен замандас Сеңке(Сеңгелай) бидің арасындағы кемі 17-20 атаның шежіресі ұмытылған. Сондай-ақ, Сеңке биден туған Нағанай батыр мен Орынбектің арасындағы 10-12 ата тағы да ұмытылған. Осының дәлелі Нағанай батырдан туған 30 ұлдың есімдерінің шежірешілерге белгісіз болып қалуы дер едік. Тегінде кейініректегі Қоңыраттардың сандарын көбейтіп жіберген осы ұмыт қалған аталардан таралған ұрпақтар болса керек. Шамамен қазақ Қоңыраттарының жүйелі шежіресі Қазақ хандығы құрылып нығайған ХҮ-ХҮІ ғасырдан басталады. Осы тұста ғана қазақ есімдеріне «бек» және «бай» атаулары жалғана бастады. Яғни, Қоңырат шежіресіндегі Нағанай батыр ХІІІ ғасырдың тарихи тұлғасы болса, ал қазақ шежіресінде оның баласы деп көрсетілетін Орынбек ХҮ-ХҮІ ғасырдың адамы. Шежірелік деректерге тән мұндай олқылықтарға таң қалатын ештеңе жоқ. Моңғол дәуіріндегі Шыңғысханның және оның ұрпақтарының ұлыстар құруға байланысты реформалары және осы тұтағы ғаламат ауқымды жорықтарға қатысу барысында Қоңырат ғана емес, кейіннен қазақты құраған, алғаш моңғол үстіртінің маңында отырған біраз түркі рулары мен тайпаларының рулық құрылымдары түбірінен өзгерістерге ұшырағаны тарихқа жақсы белгілі. Осыған сәйкес рулық таңбалар мен ұрандар да өзгерістерге ұшырады. Осыған дәлел ретінде айта кетер тағы бір мәселе, жоғарыдағы деректе айтылатын рәсімде Шыңғысханның Қоңырат Сеңкеге берген рулық таңбасы жарты ай түрінде бейнеленген. Алайда қазақ шежіресінде бұл таңбаны «Босаға» деп атайды. Тарихи деректерді салыстыра қарар болсақ, бұл хан көтеру рәсімі 1219 жылы Наймантауда(кейінгі аты Шыңғыстау) орын алса керек деп айтуға итермелейді. Бұл ұлы қағанның Монғолия аймағынан тыс жерде алғаш рет, ал жалпы алғанда үшінші рет хан көтерілуі болса керек.

Әрине, жоғарыда ескерткеніміздей, Қоңыраттардың шығу тарихын тек Шыңғысхан заманынан бастауға болмайды. Қоңырат атауы осы кезде кеңінен белгілі бола тұрса да, олардың бабаларының бұдан бұрын басқаша аталып, өмір сүргендері күдік туғызбауы тиіс деп ойлаймыз. Жалпы «Қоңырат» атауы тарих сахнасына Х-ХІІ ғасырлар аралығында Қидандар(Қытандар) империясының күшеюіне байланысты шықты [5, 117 б.]. Күнгей шығыстағы манчжуртілдес Қидандардың күшеюі және олардың өздеріне көрші түркітілдес халықтарды жаулап алуға белсене кірісуі түркі руларын жаңа құрылымдарға бірігіп, қорғаныс қамын ойластыруға еріксіз мәжбүрледі. Осылайша жаңа тайпалық одақтар және соған сәйкес жаңа тайпалық атаулар мен этнонимдер өмірге келді.

Мұндайда бұрынғы тарихи атаулар да ұмытыла қоймай кейде қосарлана пайдаланды. Әбілғазыны оқысақ, жоғарыда көрсетілгендей, Қоңыраттар мен Олқұноуттардың бір ру ішіндегі туыстас екі ата екендіктерін

аңғарамыз. өйткені Қиянның үлкен ұлы Чурлык-Мерканнан(Жорлық мергеннен) Қоңырат туса, ал екінші баласы Кубай-Ширядан(Құбайшырадан) Олқуноут туады. Сонымен қатар үшінші, кіші бала Тасбұдайдан да ұрпақ тараған. Шыңғысханның шешесі Олқуноуттан [1, 38 б.]. Дегенмен де тарихи деректерде оның руы Қоңырат деп көрсетіле береді. Өйткені жоғарыда аталған Жорлық мергеннің үш ұлынан таралған ұрпақтар кейінірек Қоңраттардың үш атасын құрады. Тегінде Олқуноут ХІ ғасырдан бастап кейде Қоңырат атана бастаған.

Ал Олқуноуттардың да бұрын Қиян атанғандары белгілі. Яғни Қоңыраттардың түп атасының Қиян екендігі Әбілғазы шежіресінде дұрыс айтылған. Осы Қияндар кезінде Бұлғашы тайпалық бірлестігі құрамында да көшіп-қонып жүрді. Ал енді Қоңыраттардың бұрынғы атаулары жоғарыда аталып кеткен Қиянға тағыда қайта оралар болсақ, қытай жылнамаларына қарағанда Қиян мен Қият екі басқа рулар екеніне көзіміз жете түседі. Қиян түркі тілдес Телек тайпалар одағына жатса, ал Қият монғолтілдес Шибей татарлары одағына жатты. Қияндар Керулен өзенінен оңтүстікке қарай мекендесе, ал Қияттар Онон мен Керуленнің арасын мекен етті. Қияндар VІІ-VІІІ ғасырларда кең таралып, әртүрлі тайпаларға тарап кеткен болса, ал Қияттар бұл кезде әлі көзге түсе қоймаған шағын ру болатын. Айта кеткен жөн, Ергенеконнан Жалайырлардың атасы Нүкізбен бірге шыққан Қият емес Қиян, яғни монғолдардың емес, Қоңыраттардың атасы болып табылады. Бірақ Ергенекон аңызында Қиятты Қиянның баласы етіп көрсету де кездеседі [6, 387-388 бб.]. Біздің ойымызша бұл тарихи шындыққа келмейді. Тегінде бұл Елханның ұлы Қиян мен Елханның кіші інісі Нүкүздің баласынан тараған түркітілдес тайпаларды көрші монғолтілдес(манчжуртілдес) тайпалармен жақындастыру үшін аңызды бізге жеткізушілердің қосымша ойдан толықтырулары деп ойлаймыз.

Шындығында V ғасырдан бері түркі тілдес Телек тайпалар одағына жататын, және айтарлықтай өсіп-өнген Қияндардан VІІІ ғасырдың өзінде-ақ көптеген тайпалар бөлініп, тіптен олар дербес елдерге бөлініп кеткен болатын. Оларды қытай жылнамаларында Қиян, Қиянқа, Нақиян, Салар қиян, Батыс қиян елдері деп жеке-жеке атайды [7, 308-309 бб.]. Осыны аңғармаған кейбір зерттеушілер қателесіп, осы екі руды(Қият пен Қиянды) бір деп білген, және «т» жалғауының монғолша көптік жалғауды аңғартатынын ескеріп, және Әбілғазының «Қият» «Қиянның» көпше айтылғаны деген ескертпесіне тереңірек сын көзбен бойламаған [1, 38 б.]. Егерде «Қиянға» «т» жалғанар болса ол «Қият» емес, «Қиянут» болуы тиіс еді. Оның үстіне бұл жерде Әбілғазы монғолдардың «Қиян» деп Ергенекон аңызында айтылатын тарихи тұлғаны емес, «таудан атқып аққан бұлақты айтатынын» ескерткенін де кейінгі зерттеушілер байқамаған. Мұндайда, «ал онда Қият деп аталатындар кімдер?»-деген сауалдың туындауы да заңды. Бұған жауапты да Әбілғазының өзі береді: «Шыңғысханның арғы атасы Қабұл ханның алты ұлы болған: олардың бәрі өжет, батыл, жылдым еді. Халық осы батырларды Қият деп атады. Өйткені монғолдар таудан атқып аққан бұлақтарды қиян деп атайды...» [1,38 б.]. Бұдан шығатын қорытынды Қияттар Қияннан емес,

Қабұл ханнан тараған. Қабұлханнан бұрын моңғолдарда «Қият» деген ру болмаған. Бұл шежіре былай таратылады: Қабұлхан – Бөртанхан – Есугай баһадур – Темучин(Шыңғысхан). Қабұлханның алты баласынан таралғандар «Қияттар» деп аталса, көздері қой көз(бурджигин) болғандықтан Есугей баһадурдың руындағы кісілер Бурджигин-Қият аталған [1,38 б.]. Әйтпесе, бұлар бұрын Қара татарлар(Шибэй немесе Отыз татарлар) еді. Қытай жазбаларында XII ғасырға дейін тек Қиян тайпалары туралы ғана айтылып, Қияттардың аталмайтын себебі де осыдан. Ескерте кетер бір нәрсе, қытай жылнамалары «Шибейлерді» «Шығайлар» деп көрсетеді.

Дегенмен де, бұл екі рудың XII ғасырдан бастап-ақ, тығыз құдалық қарым-қатынастар сақтағандары белгілі. Нығмет Мыңжан Қият монғолдар мен Қиян Қоңыраттардың құдандалы жекжат болуларын былай түсіндіреді: «ежелгі көшпелі халықтар арасында туыстас ру-тайпалар өз ішінен қыз алыспайтын әдет өмір сүрген, соның үшін олар үнемі өзге тайпалармен қыз алысып, қыз берісіп келген. Қоңыраттар көбінесе Шыңғысханның монғол тайпасымен құдаласып, қыз алып, қыз беріп отырған» [8, 176 б.]. Ия, шындығында да Шыңғысханның өзінің анасының да Олхұноут, яғни Қоңырат тайпасынан екендігін жоғарыда атап кеттік. Шыңғыстың әкесі Есугей батыр өлген соң оның әйеліне, яғни Шыңғыстың шешесіне үйленген Мунлукте(Меңлік) осы Қоңырат тайпасынан. Осы дәстүр негізінде Темучин де Қоңыраттан шыққан Бөртеге үйленді емес пе?

Ежелгі Ғұндардың ұрпақтары болып саналатын Қияндарды алғаш Сәнбелер, онан соң Телектер мен Түріктер жаулап алды. Қияндар YI ғасырда Сәнбе тайпалық бірлестігінің мұрагерлері Тұйғындарға ата жау болды. Бұл кезде Қиян руының көсемі Қиянсон деген кісі болған, және ол Тұйғын әулеті көсемін қанжармен өлтірді [7, 82 б.]. Осы Қияндар алғаш Телектерге, кейіннен Түріктерге, ал онан соң Татарларға бағынуға мәжбүр болды. Моңғолдар тарихын нақты зерттеген Л.Л.Викторованың сызбасы бойынша Унгират деп берілетін Қоңыраттар Монғолдармен, Татарлармен, Тайджиуттармен,, Жалайырлармен, Урянхайлықтармен бірге қарастырылып, олар Шибейлерден(Дадалар, Отыз татарлар) Улохеулерден шығарылады [9, 5 б.]. Бұл жерде Улехоу делініп отырғандар Қияндардан тараған Олқұноуттар. Бұлардың бабалары IX-X ғасырларда татарлардың қол астында болды. Олқұноуттар, яғни Қоңыраттар Қидандардың билікке келуіне байланысты Татарлардан бөлініп шықты.

Рашид ад-дин Хункират тайпасының Ұлы Қытай қорғаны жанында өмір сүрген Ақ татарларға жатқандықтарын нақты атап көрсетеді [10, 149 б., 54 б.]. Шындығында да Үлкен Хинган таулы жоталарын жағалай орналасып, көшіп жүрген Қоңыраттар Есун татарларының оңтүстік шығысындағы көршілері еді. Ал «Татар(Дада)» этнонимінің тарихқа YIII ғасырдан бері, яғни Орхон жазулары арқылы белгілі. Олар онда «Отыз татар» және «Тоғыз татар» деген атпен әйгілі. Томсонның ойынша татарлар деген атаумен ол кезде монғол тілдес тайпалар аталған [11, 559 б.]. Алайда, біз бұл жерде әңгіме Керулен аймағына дейінгі тайпалар туралы ғана, яғни Қара(Шибей) татарлары туралы болып отырғанын ұмытпауымыз керек. Шыңғысхан да

осылардан шыққан. Ал енді Керулен өзенінен оңтүстікке қарайғы, Ұлы Қытай қорғаны маңындағы Ақ(Есун) татарларға, немесе олардың құрамында болып келген Қоңыраттарға келер болсақ, олар түркі тілдес тайпалар болса керек. Қалай десекте, оларды Н.Аристов түркітілдес тайпаларға жатқызады [12, 371 б.]. Осы татарлардың кейіннен шығысқа қарай емес, батысқа түркітілдес тайпалар аймағына қарай үдеріле көшулері де олардың түркітілдестер екендіктерін дәлелдей түсетіндей. Оның үстіне Махмұт Қашғари да тілдерінде өзгешеліктер бола тұрса да татарлардың түркітілдес тайпаларға жататындарын нақты атап көрсетеді. «Худуд ал-алам» дерегінде татарлар түркітілдес Тоғыз оғыздар құрамында аталса, ал Гардизи оларды Ертістегі Қимақтардың жеті тайпасы қатарында атайды [11, 559 б.]. Осы айтылғандар татарлардың бір бөлігінің, дәлірек айтар болсақ, Ақ татарлар атанған кейбір тайпалардың түркітілдес болғандарын дәлелдей түседі деп ойлаймыз. Ал енді тарихи зерттеулерде осы Ақ татарлардың тарихи деректерде өздері мекендеген Оңкұт аймағының атына сәйкес Оңкұттар аталғандары да атап көрсетіледі [13, 270 б.]. Тегінде Оңкұттар да Олқұноуттар тәрізді Ақ татарлар құрамына енген тайпалық бірлестікті құраса керек. Олардың X ғасырдағы тарихи отаны әйгілі Дешті(Гоби) шөлінің оңтүстік шығысында, Хуанхэ өзенінің солтүстігінде, Қидандардың батысында, ал Қоңыраттардың оңтүстік батысында болатын. З.Қинаятұлы Оңкұт атауын Оңғон мекені атымен байланысты шыққан деген пікірде [14, 181 б.].

Осы жерде шатастыруға болмайтын, және бұрынғы зерттеушілер байқай қоймаған бір принципті мәселе бар екенін айтуға тиіспіз. «Оңкұт» атауын Қоңыраттардың қосалқы атауы болып табылатын «Олқұноут» атауымен тіптен де шатастыруға болмайды. Олқұноут жоғарыдағы Л.Викторованың пікірінде «Улехоу» деп берілген, және Унгирааттардың(Қоңыраттардың) бабалары ретінде көрсетілген. Ал Оңкұт болса Керейт, Найман, Меркіт тәрізді түркітілдес тайпалармен бір топта қарастырылады [9, 5 б.]. Тарихи шындықтың осылай екендігін Монғолдың «Құпия шежіресін» байыппен оқыған адам айқын аңғара алады. Онда Темучиннің әкесі Есугей батырдың Олқұноут аймағынан әйел алғаны және кейіннен баласы Темучинге осы аймақтан, яғни оның нағашы жұртынан қалыңдық айттыруға барғаны анық айтылған [15, 33-35 бб.]. Темучиннің Қияннан емес Қияттан шыққаны және белгілі. Сондықтан да ол Қоңырат емес, Монғол(яғни Шибей татары) болып табылады.

Әрине, бұл заманға дейін Қоңыраттардың бабалары әртүрлі этно-саяси бірлестіктер құрамында болып, біраз шырғаландарды бастан өткерді. Олардың арғы бабалары Ғұндар. Бірақ Ғұндарды Шығыстан келген Сәнбелер талқандаған соң олар осы Сәнбелерге кіріптар болды. Мұнан соң олар Телелер одағына кіріп, оларды кейінірек билеген Сіренда бірлестігінде болып онан соң Ұйғыр қағанатына бағынуға мәжбүр болды. Бұл кезде олар Бұлғашылармен бірге жүрді. Ұйғырларды 840 жылы қырғыздар талқандаған соң, бұлғашылардан бөлінген олар, Ақ татарлар(Ақ сеп) бірлестігіне кірді. Олар мекендеген аймақты шығыстағы көрші Қидандардың жаулап алып,

куатты Ляо мемлекетін құрғандары белгілі. Осы тұста олардан ығысқан татар тайпалары түркі руларының құрамдарын толықтырып, жаңа Керейт, Онқұт, Олқұноуыт және осы соңғылармен аталас туыс Қоңырат тайпалық бірлестіктерінің құрылуларына тікелей ықпал етті деп ойлаймыз. Ал енді біз әңгімелеп отырған Ақ татарлар, яғни Олқұноуттар атанған Қоңыраттардың Тоғыз оғыздар құрамындағы татарлармен, немесе Қимақтар құрамындағы татарлармен байланыстары бар ма?- деген сауалдарға жауап іздестіретін болсақ, олардың географиялық орналасу аймақтарына назар аудара отырып, біздің Қоңыраттар деп жүргеніміз VIII-IX ғасырларда Бұлғашылармен бірге жүрі, осы Тоғыз оғыздар бірлестігіне уақытша, амалсыз бағынған, бірақ оның тұрақты құрамына кірмеген, негізінен біраз уақыт Ақ татарлар атанып кеткен тайпалық бірлестігінен бөлініп шыққан рулар екендігін аңғарғандай боламыз. Жалпы Ақ татарлар деп жүргеніміз XI-XIII ғасырлардағы Қоңыраттар мен Онқұттардың(кейінгі Уақтардың бабаларының) жанама аттары болып табылады. Бұлар тегінде VIII-IX ғасырлардағы Байси, Ақ сеп ұлыстарынан негіз алған, кейінірек Ұйғыр қағанаты талқандалған соң Ақ татарлар атанған тайпалық бірлестік болса керек. Қоңыраттардың Ақ татарлар бірлестігіндегі Олқұноуттардан бөлініп шығуы Шыңғысханның Монғол мемлекетін құруымен және Қоңыраттарды өзіне жақын тартуымен тығыз байланысты. Оның себебі жақсы белгілі. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Шыңғысханның шешесі Алун да, бәйбішесі Бөрте де осы Қоңырат тайпасынан. «Құпия жылнамаға» назар аударар болсақ, Шыңғыстың әкесі Есугей батыр Алунға үйленген кезде де, сондай-ақ, ол баласы Темучинге Қоңыраттың Тай шешенінің қызы Бөртеңі айттыруға барғанда да Қоңыраттар әлі Олқұноут депте аталатын еді. Дәлірек айтқанда Қоңыраттар мекендейтін өлке ол кезде Олқұноуыт аймағы деп аталатын [15, 33 б.]. Осыған байланысты осы өлкені мекендейтін Қоңыраттықтар да жоғарыда атап көрсеткеніміздей бірде Олқұноут аталса, бірде Қоңырат аталып жүрді. Алайда жоғарыда айтылған әңгімеден туындайтын мына мәселені де ұмытуға болмас: Әбілғазы көптеген деректерді Рашид-ад-диннен алған. Ал Рашид-ад-дин болса Олқұноутты(немесе Олхонутты)жоғарыда Әбілғазы шежіресінде аталған Жорлық(Чурлук)мергеннің ұлдарының бірі ретінде атап көрсететіні белгілі [16, 147 б.]. Жалпы алғанда ғылыми пікірлерді тереңірек талдар болсақ, Қоңрат этнонимінің шығуын түркі халықтары болмысына жанаспайтын әртүрлі пікірлермен түсіндіруге тырысқан ғалымдар да болды.Мысалы, жаңағы Рашид-ад-диннің өзі Қоңыраттарды ежелгі аңызға сүйеніп, қайдағы бір алтын ыдыстан туған аты-жөні белгісіз кісінің балалары, немесе ұрпақтары деп көрсетуге тырысса,ал белгілі зерттеуші Н.И.Березин Қоңырат атауын монғол тілімен байланыстырып,бұл монғолша қарға дегенді аңғартады дегенге саяды. Мұндай пікірлердің сол тұстағы көшпелі халықтың рухани немесе әлеуметтік болмысына ешбір қиыспайтыны бұл тарихқа тереңдеп барғанда айқын аңғарыла түседі.Қоңырат атауының осындай алып-қашты пікірлерге тиек болуы кейінгі жылдары қазақ зерттеушілерінің назарларын өзіне аудара бастады. Ежелгі этнонимдер этимологиясы мен семантикасын зерттеген

Н.Ж.Мыңбаев мәселені нақтылай түсіп, төмендегіше атап көрсетті: «Қоңыраттың шығуы туралы екі халықтық этимология бар. Олардың бірі қазақ тілінде негізделген: Қоңырат қоңыр+ат дегеннен шығады, сөзбе-сөз «қоңырат ат» дегенді аңғартады, басқашада, моңғол тілі негізінде қаре//хире «қарға» дегеннен туындайды» [17, 190 б.]. Н.Мыңбаев бұл этнонимнің шығуына байланысты зерттеулерді талдай келе мынадай қорытындыға келді: «Қоңырат этникалық атауының ғылыми этимологиясы әлі жоқ, сөздің түпкі мәні де ашыла қойған жоқ. Біздің ойымызша, Қоңырат тілдік мағынада сөз жоқ прототүріктерден шыққан, этноним қазіргі фонеморфологиялық түрге көне түріктік кезеңде, дәлірек айтар болсақ, оның Батыс және Шығыс қағанаттарына бөліну кезеңінде біржолата қалыптасты. Лингвистикалық тұрғыдан біз Қоңырат этнонимінің құрылымын төмендегіше жіктейміз: қ-ен-ер-т. Этноним екі түбірлік морфтың бионимациялануы жолымен пайда болған; -ен- «кісі», «адамдар» және -ер- «еркек», «ер адам». Этнонимнің семантикасы мынадай: Қоңырат «жоғары адам», «еркек», «батыр» [17, 192 б.]. Қалай десекте «Қоңырат» атауы ежелгі түркі дәуірінен бастау алады, және сондықтан да бұл этноним қазақтан басқа түркі халықтарында да кездесе береді. Жоғарыда аталған зерттеуші Н.Мыңбаев қазақ шежіресінде аталатын Қоңыраттың 33 атасының 29-ның өзбек халқы құрамындағы Қоңыраттарда да аталатынына назар аударған еді. Сондықтан да Алпамыс тәрізді ірі тарихи тұлға да осы халықтарға ортақ, және ол туралы жырлайтын эпос оқиғалары да осы елдер шекарасында жатқан Жиделі және Байсын аймақтарында өрбиді. Зерттеуші Н.Мыңбаев Өзбекстан аймағынан «Қоңырат» атаумен тығыз байланысты 31 этнотопонимдер аттарын өзінің зерттеуінде атап кетеді [17, 191-193 бб.]. Тегінде бұл атаулардың пайда болулары монғол жаулауы барысында осында қоныстанған Қоңыраттармен тығыз байланысты болса керек.

Ерте орта ғасырлардағы Қоңыраттар тарихын тереңірек білуге бүгінгі күні Қырғыздар құрамында жүрген Қоңырат тайпасының тарихынан туындайтын мәліметтер де көмек бере алады. Қырғыз зерттеушілері Қоңыратты Қырғыздың ежелгі руларының бірі ретінде қарастырады. Олар ежелгі шежірелік деректер бойынша Бұлғашылардың рулық тобына жатады. XIII ғасырда олар бөлек тайпалық одаққа бірігіп, енді Қоңырат атана бастады. Бұл тұста олардың құрамында Инкирас, Олкунут, Каранут, Кункулут тәрізді ірі рулар болды [18, 245-246 б.]. Бұлғашы рулық этнонимі қырғыздарда мұндаға дейін сақталып келді. Мұның өзі Қоңыраттар тарихында Бұлғашы тайпалық одағының кезінде үлкен рөл атқарғанын байқата түсетіндей. Сондықтан да ежелгі Қоңыраттардың этникалық тұрғыдан қалыптасу тарихын қарастырғанда бұл тарихи терминді айналып кете алмаймыз.

Бүгінгі қырғыз зерттеушілерінің айтуынша, бұл «терминнің келіп шығысы Саян-Алтайдың мифологиялық діни шежіресіменен байланысты. Монғол тілді елдерде «булгач» сөзі көтеріліс шығарған ел мәнісін туындатады. Термин-этноним Умай ене аталышының синонимі, байырғы қырғыздар қолданған діни термин. Закамендік буряттардың және олардың шамандарының сыйынушы жері «Булган тээби» деп аталды.».

Мұндай діни сыйыну орындарына шамандар қоян терілерін көрінетін жерлерге іліп қойған, және ол терілер шамандардың діни ырымдарынан кейін жас балаларды жаманшылықтан қорғайтын және сақтайтын болады деген түсінікті қалыптастырған. Г.Н.Потанин Алеар бұрыттарындағы бұл дәстүрдің «Бұлғаша» деген атаумен белгілі болғанын атап көрсетеді [18, 119-120 бб.]. Бұдан шығатыны, тегінде осындай тарихи дәстүрді ұстанған терістіктегі рулар кезінде Бұлғашылар атанып кеткен. алғашқы рулық қалыптасу кезінде біз әңгімелеп отырған Қоңыраттардың бабалары да осы рулармен бірге жүрген.

Тарихи деректердің мәліметтері бойынша Бұлғашылар XII-XIII ғасырларда Байқалға құятын Селенга өзенінің шығысында көшіп-қонып жүрді. Олардың оңтүстіктегі көршілері Онон өзенінің бастауларын мекендеген Гурван меркіттері, Тайчиуттар және Жалайырлар еді. Ал болашақ Қоңырат рулары бұл кезде Жалайырларға көрші болып, Шығыстағы Үлкен Хинган тау жоталарын жағалай көшіп жүрді. Қоңыраттардың оңтүстік батысында Ұлы Қытай қорғанын бойлап Онқұттардың мекені басталатын еді [5, 162 б.]. Бұлардың бәрі түркітілдес тайпалар одақтары болатын. Айта кетер бір нәрсе, Қоңыраттардың батысында және Жалайырлардың оңтүстігінде орналасқан Татарлар 1202 жылы Шыңғысхан күйрете талқандағанға дейін жеке тайпалық одақ ретінде өмір сүрсе, аталмыш қырғыннан кейін өздерінің солтүстік батысындағы көршілері монғолдарға бірігіп кетті.

Ал енді Қоңыраттардың монғолдар жағына өтулері «Құпия шежіреде» былай жазылған: «Қалқы өзенінің Бұйра көлге құятын жерінде жайпақ ерлі (жадағай малды-Алтын шежіре) кезбе қоңыраттар мекендейді дегенді естіп, Шыңғыс хаған: «Осынау қоңыраттар атамзаманнан Жиеннің жөнімен, Қызының өңімен жақындай жүріп келеді. Оларға жөнін айтса, бізге ерер. Егер қарсыласса күшпен басып алыңдар», - деп Жоршыдайға бастатып, Ұруыт азаматтарын жібергенде, Қоңыраттар ықтиярымен қосылады. Шыңғыс хаған өзіне берілген Қоңыраттарға ешқандай тиіспейді» [15, 108 б.]. Дегенмен де тарихи деректерге назар аударар болсақ, Қоңыраттардың кейбір руларының табанды түрде Шыңғысханға қарсы күрескендерін де айқын байқай аламыз. 1201 жылы біраз тайпалар Кенти өзенінің Ергөне өзеніне құятын жерінде жиналып, Темучиннің қарсыласы Жамуханы қаған көтеріп, Темучинге және Керейт Уаң ханға қарсы аттану туралы шешім қабылдайды. Осы оннан астам тайпалардың ішінде Найман Бұйрықпен, Меркіт Тоқтабектің баласы Құты мен бірге Қоңырат Терге Емел Алқұй да болды. Алайда олардың мұндай жасырын келісімін Қоралас тайпасының көсемдерінің бірі Темучинге дер кезінде жеткізіп үлгерді. Жеделдете өзінің одақтасы Керейт Уаң ханға хабар берген Темучин Едикурған деген жерде өзіне қарсы одақ құрған тайпалармен қырғын соғыс жасады. Нәтижесінде жеңілген Жамуха қашып кетті де, ал Алқұй бастаған қоңыраттар Темучинге бағынды. Осыдан соң, 1202 жылы Темучин татарларды талқандады [19, 120, 124-125 бб.]. Алайда Қоңыраттардың негізгі бөлігі Темучинді бәрібір мойындай қойған жоқ. Ол 1204 жылы Найман хандығына қарсы соғыс бастағанда Қоңыраттар тағы да Наймандарды қолдап, Шыңғысханға қарсы

шықты. Алайда ұрыс Шыңғысханның пайдасына шешілді, және осыдан бастап Қоңыраттар Шыңғысханнан бөлінген жоқ.

Ал енді 1206 жылы Онон өзені бойында киіз туырлықты 95 тайпалардың өкілдері Шыңғыс ханды хан көтергенде осы салтанатқа Қоңыраттар атынан Алшы күйеу қатысады. Бұл олқуноуттардың да біржолата Қоңырат атанған кезі. Бұл кезде Алшының соңынан ілескен Қоңырат руларының жасағы үш мың адамды біріктірген екен. Өзінің әрі нағашы, әрі қайын жұрты болып табылатын Қоңыраттарға Шыңғысхан дегенмен де ерекше құрмет көрсетті. Барлық қошемет моңғолдардың үлкен сеніміне ие Жалайырлардан соң Қоңыраттарға бағышталды. Жалайыр Мұқали Шыңғысханның тапсырмасымен жиырма үш мың әскерді бастап 1217 жылы Қытайға аттанды. Осы әскердің құрамында екі мың Жалайыр, бір мың Қоңырат бар еді [20, 230 б.]. Жалпы Шыңғысханның шығысқа жорығына бес мыңға тарта Қоңыраттар қатысты [12, 371 б.]. Қазіргі қазақ жеріне Қоңыраттар Шыңғысханның баласы Жошының бастауымен келді.

Монғолиядағы татарлардың, яғни «дадалардың» Қара, Ақ және Су татарлары деп аталғандары белгілі. Профессор С.Аманжолов деректерге сүйене отырып, Қоңыраттар мен Қатағандардың Шыңғысханның Қара татарлары(монғолдары) тәрізді «Көк тәңірісіне» табынғандарын атап көрсетеді. Ал Ақ татарлар білестігіне жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Олқуноут және Онқұт тайпалық одақтарына кіретін Қоңырат, Қатаған, және Уақ тәрізді тайпалар бірікті. Айта кетер бір маңызды нәрсе, бұлар да Қара монғолдар тәрізді көк тәңірісіне табынды. Қазақ шежіресінде Қоңыраттардың екі атасының бірінің осылайша, «Көктің ұлы» аталуы сондықтан деп ойлаймыз. Осы Көктің ұлынан тарайтын рулардың Құлшығаш, Қаракөсе, Қара, Абад-Жабад аталулары да ортағасырлардағы Қаратүргештер, Қарахандар, Қарақытайлар заманын еріксіз еске түсіреді. Оның үстіне әйгілі шежіреші Зайыр Сәдібекұлы Абад-Жабадтан тарайтын «Оразкелді ішіндегі Көлеген деген елдің Сунақпен туыс, ескі Соғдылардың ұрпағы» болып табылатындарын атап көрсетеді [1, 103 б.].

Сонымен қатар Тәңіріге табыну үрдісі Қоңыраттардың ежелгі бабалары Ғұндардан бастау алатынын да ұмытуға болмас. Осыған байланысты кезінде қытай императоры былай деп жазған еді: «Мына Сің-енда мен оның арғы бабалары Ғұн, аспан мен жер жаралғанда жарыққа шыққан адам нәсілінің бір бұтағы ретінде Ұлубалықты жаулап, патшалармен үзеңгі қағыстырып, өздерін тәңірдің еркесіміз деуші еді, ғарышта шахналық жұлдызды аспанды бөлісіп еді, жорық туындағы бескем шашаққа қарап, патшалармен елдік салтын теңестіруге де ұрынушы еді, арғы тарихқа үнілгенде, оларды күшпен бағындыра алғандар жоқ еді» [7, 150-151 бб.]. Десекте біз әңгімелеп отырған ертеортағасырларда «Көктің ұлы» атауы негізінен қытай патшаларының қосымша аты болатын. Тегінде ежелгі Қоңыраттар осы қытайға географиялық жағынан жақын орналасқандықтан және Ұлы қытай қорғанының арғы бергі жағына көшіп жүргендіктен басқа Телек тайпаларына қарағанда қытай ықпалын қатты сезініп, өздерін «Көктің ұлдарымыз» деп санаған кездері де болды. Сондықтан да ежелгі Қоңыраттарды құраған

рулардың бір тобы өздерінің шежірелерін осы «Көктің ұлынан» бастайды. Мұның өзі Қоңырат тайпасын құраған және тәңіріге табынған рулардың тарихи тамырларының тереңде екендіктерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар олардың қалыптасу тарихының аса күрделі екендігін де дәлелдей түседі. Қытай деректеріне назар аударсақ, Қоңыраттың екі атасының бірі «Көтеншінің» атының шығуының «Көктің ұлы» атауымен байланысты екендігін аңғарғандай боламыз. Қытай жылнамашылары өздерінің теріскейінде орналасқан көрші ру-тайпалар туралы айта келе «олардың қайсы бірі Көктің ұлына көтеші болып істесін (бөліп көрсеткен біз - Т.О.) деп балаларын ақ үйлі аманатқа берді, кейі көпшір тапсырып, таралғы ұсынды», - деген жолдарды оқимыз [7, 20 б.]. Тегінде мұндағы «көтеші» немесе «көтенші» деген сөз «көмекші» деген мағынаны аңғартса керек. Қоңыраттар шежіресі өзінің екі атасының бірін осы қытайға амалсыздан көтенші болғандардан бастайтынын да айта кеткен жөн. Бұл біздің ойымызша біраз уақыт қытайдың қоластында еріксіз бағынышты болғандардан таралған рулардың ұрпақтары. Яғни, бұл Қоңыраттар шежіресінің бастауларын біздің заманымыздың YI ғасырына апаратын атау. Мұның өзі қазір біз айтып жүрген қазіргі Қоңырат тайпасының шежіресінің Көтенші мен Көктің ұлы аталарымен XY ғасырда өмір сүрген Құдайберді мен Тәңірберген екеуіне дейінгі аралықта кем дегенде 32-33 аталардың аттары есте сақталмағанын көрсетеді. Сондықтан да шежірешілер Көтеншіні Құдайберді, ал Көктің ұлын Тәңірберді деп шатастырады [21, 61 б.]. Бұл, есте сақталмаған аталардың аттарын қалпына келтіретін деректер өкінішке орай біздің қолымызда жоқ. Мұнда бізге белгілісі жоғарыда аталған, Шыңғысханның замандасы Сеңкі би мен оның аталары ғана. Жоғарыда көрсеткеніміздей, ол Қоңыраттың баласы. Бір деректер Сеңкі бидің баласын Нағанай батыр деп көрсетсе [21, 61 б.], екінші бір деректер Нағанайды Қоңыраттың өзінен таратады [22, 216 б.]. Ал бүгінде біз айтып жүрген Қоңырат шежіресі XY ғасырдан бері қарайғы кезеңді ғана қамтиды.

1. Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі.-Т.:Өзбекстан, 1994.
2. Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрок.-Ташкент,1996.
3. Автобиография Тимура. Богатырские сказания о Чингис хане и Аксак Темире. Перовод В.А.Панова. – Академия. –М.,1934. -
4. Ахметзянов М. Ногайская Орда и ее роль в этнической истории татар. //Идел. 1991.
5. История Монгольской Народной Республики.-М.,1983.
6. Келімбетов Н. Ергенеқон, //Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.3-т.
7. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы,2006.
8. Мыңжан Н.Қазақтың қысқаша тарихы.-А.,1993.
9. Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры.-М.,- 1980.
10. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.I. 149 б.; Т.II. 54 б.
11. Бартольд В.В. Татары// Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов.М.,-2002.
12. Аристов Н.Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей. -1898.

13. Бартольд В.В. Н.А.Аристов, Заметки об этническом составе тюркских племен// Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов.М.,-2002.-
14. Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр.- Астана, 2001.
15. Монғолдың құпия шежіресі.-А., 1998.
16. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. –СПб.,1868.
17. Мынбаев Н.Ж.Этимология и семантика древних этнонимов (на материале общетюркской и казахской этнотопонимии).-Алматы,2008.
18. Кыргыз этнографиясы боюнша сөздүк./Түз.О.К.Каратаев, С.Н.Эралиев/-Б.,2005.
19. Козин С.А. Сокровенное сказание.Монгольская хроника 1240 г. под названием Юань Чао Би Ши-М., 1941.
20. Д, Оссон К. От Чингизхана до Тамерлана.-А., 2003.
21. Халидуллин О.Х.Қазақтың біртұтас шежіресі.Қоңырат.-А.,2005.
22. Арғынбаев Х.,Мұқанов М.,Востров В. Қазақ шежіресі қасында.-А..2000.

Reference

1. Sadibekov Zaiyr. Kazak shezhiresi.-Т.:Ozbekistan,1994.
2. Abul-Gazi—Bagadur-khan. Rodoslovnnoe tyurkov...-Tashkent,1996.
3. Avtobiografiya Timura. Bogatirskiye skazaniya o Chingis khane I Aksak Temire. Perevod V.A Panova.-Academiya.-M,1934.
4. Akhmetzyanov M.Nogaiskaya Orda I ee rol v entnicheskoi istorii tatar.//Idel.1991.
- 5.Istoriya Mongolskoi Narodnoi Respubliki.-M.,1983.
6. Kelimbetov N.Ergenekon,//Kazakhstan.Yl'ttik enciklopediyasi,3-t.
7. Kitay zhilnamalarindagi Kazakh tarikhinin derekteri (b.z.275-840 zhildary). Ekinshi kitap.- Almaty, 2006.
8. Minzhan N.Kakakhtin kiskasha tarikhy.-A,1993.
9. Viktorova L.L. Mongoly. Proiskhozhdenie naroda I istoki kulturi.-M.,-1980.
10. Rashid ad-din. Sbornik letopisei. T.I. 149 b.;T.II.
11. Bartold V.V. Tatar// Raboty po istorii I filisiphii turkskih I mongilskih narodov M.,-2002.
12. Aristov N. Zametki ob etnicheskom sostave turkskih plemen I narodnostei.-1898.
13. Bartold V.V. N.A.Aristov, Zametki ob etnicheskom sostave turkskih plemen//Raboty po istorii I philologii turkskih i mongolskih narodov M., 2002.
14. Z. Kinayatuly. Mongol ystirtin meken etken songi turky taipalary: IX-XII gasyr.- Astana,2001.
15. Mongoldyn kupiya shezhiresi.-A,1998.
16. Rashid ad-din. Sbornik letopisei.- SPb., 1868.
17. Minbayev N.ZH Etimologiya I semantika drevnih etnonimov (na material obsheturkskoy I kazakhskoi etnotoponimii).-Almaty,2008.
18. Kirgiz etnographiyasi bounsha sozdyk./Tyz.O.K.Karatayev, S.N.Eraliyev/-B.,2005.
- 19 Kozin S.A. Sokrovennoe skazaniye. Mongolskaya khronika 1240 g. pod nazvaniyem Yuan Chao Bi Shi-M., 1941
20. D, Osson K. ot Chingizhana do Tamerlana.-A,2003.
21. Khalidullin O.Kh. Kazaktin birtutas shezhiresi. Konirat.-A,2005.
22. Arginbayev Kh, Mukanov M.,Vostrov v. Kazakh shezhiresi kakinda.-A.2000.